



ЗАН

газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӨЛІМНІҢ ӨЗІ АҚША



КОРОНАВИРУС: ҰШАҚ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАУІПСІЗ?

5 бет



АБАЙ ДӘУІРІНІҢ СӘУЛЕЛІ СӘТТЕРІ АЛЫСТА ҚАЛЫПТЫ

6 бет



БАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ БАҒЫ МЕН БАБЫ БАҒБАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ

8 бет

Ерте ме, кеш пе, кез келген жаннның дәм-тұзы таусылады. Ал қайтқан жанды арулап жерлеп, ақтық сапарға шығарып салу – міндет. Қазақ тіріден гөрі өліге құрметі өзгешелеу халық болғандықтан, жерлеу рәсімінде жасалатын жоралғыларға да айтарлықтай ерекше дайындалады. Алайда, елдегі мәйітханалар мәселесі мен жерлеу рәсімінің шығындары туралы айтарда үніміз шықпайды. Анығында қымбатшылық қос бүйірден қысқан бүгінгі заманда өмір сүргеннен, өлген қымбат боп тұр. «Қазақстан Республикасы халқының табиғи қозғалысы» статистикасына сүйенсек, 2019 жылы елімізде 150 мыңға жуық адам қайтыс болған және оларды жерлеуге орташа есеппен 44,5 млн доллар шығын кеткен екен.

(Соңы 3-бетте)



МИНБЕР

ПАЙЫМ

РЕФОРМА САЛАНЫ ЖЕТІЛДІРУ ҮШІН ЖАСАЛМАЙ МА?!

МӘНСІЗ, ЖӨНСІЗ РЕФОРМАЛАРДАН ІШКИ ІСТЕР ОРГАНЫНЫҢ ӘБДЕН СІЛКІПЕСІ ШЫҚТЫ. ӘСІЛІ, РЕФОРМА ТҰРАЛАТУ ЕМЕС, ЖЕТІЛДІРУ ҮШІН ЖАСАЛМАУШЫ МА ЕДІ?! АЛ, БІЗДЕ БӘРІ КЕРІСІНШЕ. РЕФОРМАНЫҢ АЛДЫНДА ТАЛҚЫҒА ҰСЫНЫЛҒАН ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ КЕМ-КЕТІП АЙТЫЛАДЫ. БІРАҚ ОҒАН ҚҰЛАҚ АСҚАН ЖАН БОЛСАШЫ. АҚЫЛ БЕЗБЕНИНЕ САЛМАЙ ТҰРЫП БІРДЕН ҚАБЫЛДАП ЖІБЕРУ ӘДЕТНЕ АЙНАЛДЫ. ҚОМИТЕТТЕРДЕ, АЛҚАЛЫ БАС ҚОСУЛАРДА, ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯЛАРДА, ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕРДЕ «ДҰШПАН НӨЗ» ТАЛҚЫЛАҒАН БОЛАМЫЗ ДА, ҮЛКЕН ҮЙДІҢ АЙТҚАНЫНАН АСА АЛМАЙ, СОҒАН ИІП АЛЫП КЕЛЕМІЗ.

Қосылғыштардың орнын өзгертуге құмармыз

Мәселені әріден қозғайық, соңғы жылдары Ішкі істер органдары жұмысын ұйымдастыру жағынан

көп қиындық көріп келеді. Қызметтерді бір ведомстводан екінші ведомствоға ауыстыру, қызметтерін өзгерте салу шекілдеуік шаққандай оңай іс боп кетті. Шынтуайтында, мұндай ауыс-түйіс сапырылыс бұл органның дамуына үлкен кедергі жасады. Мәселен, қылмыстық істерді алдын ала тергеуді жүзеге асыратын біртұтас арнайы аппаратты құруда қылмыстық процеске сараптама жасау негізінде 1995 жылы 6 қазанда Мемлекеттік тергеу комитеті құрылса, екі жыл өтпей-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 қарашадағы «Ұйымдасқан қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күресті одан әрі күшейту, ұлттық қауіпсіздікті нығайтудың шаралары туралы» Жарлығына сәйкес Мемлекеттік тергеу комитеті қысқарды.

2002 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару жүйесі Ішкі істер министрлігінің қарамағынан Әділет министрлігіне берілсе, 9 жылдан соң «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі жетілдірудің кейбір мәселелері туралы» қаулы бойынша Ішкі істер министрлігіне қайта қайтарылды.

Экономикалық қылмыс асқынып, қаржы полициясын құрған едік. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа сай экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу жөніндегі функция мен өкілеттікті Қаржы министрлігіне қайта бердік те, оны жауып, көзін құрттық.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу жөніндегі функция мен өкілеттік Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне тиесілі болды. Қаншама жыл өз алдына жеке-дара өмір сүрген Төтенше жағдай министрлігі бар еді, ол жойылып, Ішкі істер министрлігінде Комитет ретінде қалды. Енді оны жеке министрлік етіп қайта құрмақ... Міне, осындай ала-құла, ауыс-түйіс салдарынан құқық қорғау органдары қылмысқа қарсы тұруда әлжуаздық танытты.

(Соңы 5-бетте)



БІР СУДЬЯНЫҢ АБЫРОЙЫ – БҮКІЛ ЖҮЙЕНІҢ АБЫРОЙЫ

Ел тәуелсіздігімен бірге бас-талған сот жүйесінің жаңа дәуірі жетістікке толы. Соның бірі – сот жүйесін реформалау жұмыстарының нәтижесі мен маңызын арттыру мақсатында дәстүрлі түрде судьялар съезі өтуде. Әр съезде ел Президенті атқарылған істерге баға беріп, болашаққа айқын міндеттер жүктеп, судьялармен ой бөлісе отырып, негізгі мәселелерді талқылайды. Санаулы күннен соң өтетін биылғы съезд жаңа форматта ұйымдастырылғалы отыр.

Сот төрелігіне қолжетімділікті қамтамасыз ету, ашықтық пен жариялылық, соттардың кәсіби біліктілігін арттыру, сот залдарын жүз пайыз дыбыс-бейне жазба құралдарымен қамтамасыз ету, алқабилер сотының ауқымын кеңейту, қылмыстық жазаны ізгілендіру және басқа да маңызды мәселелер бұған дейінгі съездерде көтеріліп, нәтиже беріп келеді.

(Соңы 2-бетте)

ЖЕРЛЕУ РӘСІМІНІҢ БАҒАСЫН КІМ БАҚЫЛАЙДЫ?

ОЙ ТАЛҚЫ

Тахир ХАЛИМНАЗАРОВ, Тәуелсіз сот-медициналық сараптама орталығының директоры:

– Алматы қаласында салттық қызмет көрсететін бюролар өте көп. Солардың ұсынатын қызметінде мүрдені мәйітханада сақтау бар шығар. Бірақ сот-медициналық сараптама мәйітханасы мен мемлекеттік ауруханалардың мәйітханалары ақылы негізде мәйітті қабылдай алады.

Бұл жерде мынаны анықтап алған жөн. Сот-медициналық сараптамалық мәйітханасына алған жарақатынан, белгісіз жағдайда, жол-көлік оқиғасы кезінде қайтыс болған мәйіттерге полиция қызмекерлері қаулы шығарып, мәйітке сараптама жасау үшін алып келеді. Ал ауруханалардың мәйітханасына ауруханада қайтыс болған мәйітті дәрігерлердің жіберген қағазымен апарды. Егер ауруханада науқас қайтыс болып, оның диагнозы қойылып үлгермеген жағдайда сот-медициналық сараптамалық мәйітханасына жіберіледі. Бұл жерде аурухана қызметкері 102-ге хабарласып, тергеуші қарап, қаулы шығарады.

Нарықтың заңы халықтың қамынан алшақтаған заманда бәрі қымбат. Тіпті қайтыс болған адамды жер қойнына тапсырудың құны да шарықтап тұр. Ал бұған заң бойынша тосқауыл бар ма?

Абзал ҚҰСПАН, адвокат:

– «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексінің 169-бабының 10-тармағына сәйкес, биологиялық өлімді немесе бас миының біржолата семуін (мидың өлімін) растау және биологиялық өлім немесе бас миының біржолата семуі (мидың өлімі) расталғаннан кейін, яғни адамның қайтыс болғаны медициналық жолмен анықталған жағдайда ғана мүрдені мәйітханаға апару туралы шешім қабылданады.

Көбіне әрбір мемлекеттік ауруханалардың жанында өздерінің мәйітханалары бар. Бұлардың қызметі тегін. Осы күнге дейін мәйітхана қызметінің құнын белгілейтін қандай да бір нормативтік құқықтық акті көрген емеспін.

Алайда, үлкен кәсіпорындардың жанынан ашылған ауруханалардың мәйітханалары ақылы негізде қызмет атқарады.

(Соңы 3-бетте)

ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУ ІСІНДЕ ЕСКЕРЕТІН ЖАЙЛАР КӨП

ҚК-НІҢ 72-БАБЫНА СӘЙКЕС, ЕГЕР СОТ АДАМНЫҢ ТҮЗЕЛУІ ҮШІН ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ЖАЗАНЫ ТОЛЫҚ ӨТЕУІ ҚАЖЕТ ЕТІЛМЕЙДІ ДЕП ТАНИТЫН БОЛСА, СОТ БАС БОСТАНДЫҒЫН ШЕКТЕУДІ НЕМЕСЕ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУДЫ ӨТЕП ЖАТҚАН АДАМДЫ ОСЫ БАПТЫҢ ҮШІНШІ, ТӨРТІНШІ ЖӘНЕ БЕСІНШІ БӨЛІКТЕРІНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН МЕРЗІМДЕРДІ ІС ЖҮЗІНДЕ ӨТЕГЕННЕН КЕЙІН ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУЫ МҮМКІН.

Бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам осы баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін, қылмысымен келтірілген залалды толық өтеген және ол жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Сотталғандардың шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхаттарын сот ҚР Қылмыстық кодексінің 72-бабында көзделген ережелердің, ҚПК-нің 51-тарауы 476-480-баптарының және ҚР Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандағы № 6 «Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы» нормативтік қаулысының негізінде қарайды.

Талдау көрсеткендей, бірінші сатыдағы соттың өтінішхаттарды қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулыларының көп бөлігі шағымдалмайды және прокурордың

өтінішхаты негізінде қайта қаралмайды. Бұл жағдайларда процеске қатысушылар соттың жоғарыда аталған заңнама талаптарын қолдануының дұрыстығын дауаламайды.

Көп жағдайда қайта қарау кезінде апелляциялық сатыдағы соттың қарарының нәтижелері бойынша бірінші сатыдағы соттың қаулылары заңды деп танылады және өзгеріссіз қалдырылады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы мәселені шешу кезінде соттар жеке көзқараспен қарауды қамтамасыз етіп, өтінішхатта және өзге де материалдарда келтірілген мәліметтердің жазаны өтеуде шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру үшін жеткіліктілігін әрбір талқылау кезінде анықтауға, яғни сотталған адамның тәртібіндегі өзгерістерді бағалауға тиіс.

Соттар сотталған адамның тәртібіне баға беру кезінде олардың ішкі тәртіп қағидасын сақтауын, Қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі әкімшілігінің талаптарын орындауын, тәрбиелік сипаттағы

іс-шараларға және мекеменің қоғамдық өміріне қатысуын, туған-туыстарымен және сотталған адамдармен қарым-қатынасты сақтауын, оқуға көзқарасының оң немесе теріс бағытын, залалды өтеуін, жеңіл тұрмыстық жағдайға ауыстыруды және сотталған адамның түзелгенін айғақтайтын басқа да мән-жайларды ескеруге тиіс.

Соттың сотталған адамның түзелгені туралы тұжырымы өтінішхатты дәл қарау алдындағы уақыт ішіндегі ғана емес, сонымен бірге үкім шығарылғанға дейін қамауда ұсталған уақытын қоса есептегенде оның мекемеде болған бүкіл кезең ішіндегі тәртібі туралы деректерді жан-жақты ескеріп, зерделеуге негізделуі тиіс.

Қылмыспен келтірілген материалдық залалды өндіру туралы өзіне қатысты талап арыз қойылмаған сотталған қаскөйлікпен бұзушылықтар болмаған жағдайда, жаза мерзімінің белгіленген бөлігін өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Көп жағдайда сотталғандар өздеріне қатысты гуманистік актілерді қолдану туралы өтінішхатпен сотқа жүгінген кезде оң нәтиже күтеді және қылмыспен келтірілген залалды өтеуден құтылып кетемін деп үміттенеді.

Өтінішхаттарды қанағаттандырудан бас тартылғандан кейін ғана олар залалды өтеу бойынша нақты шаралар қабылдай бастайды.

Тұжырымдайтын болсақ, егер сотталған жазаны өтеу кезінде қолданыстағы заңнаманың нормаларын тиісінше сақтаса, жақсы жағынан мінезделсе,



Нурлан БАЯХМЕТОВ,
Байқоңыр аудандық №2 сотының судьясы

жақсы мінез-құлық танытса және көтермелеулері болса, жеңілдетілген жағдайларда ұсталып отырған және залалды өтеген жағдайда сотталғанның өтінішхаты қанағаттандырылуға жатады, ал кері жағдайда қанағаттандырудан сөзсіз бас тартылады.

Практика көрсеткендей, сотталғандардың өтінішхаттарын қараған кезде өтінішхатқа қоса тіркелген материалды және сотталғанның жеке ісін сотталғанның мінездемесінің жеке істің материалдарына сәйкес келетінін-келмейтінін және оның объективтілігін мұқият зерделеу қажет.

Аталған принциптерге абайсызда қылмыс жасағаны үшін сотталған, жол жүру ережесін өрескел бұзудың нәтижесінде жол-көлік оқиғасын жасаған тұлғалардың, сыбайлас жемқорлық қылмыстар, жыныстық бостандыққа қарсы қылмыстар, педофилия, күш қолданумен және өлтірумен байланысты және т.б. қылмыстар жасағаны үшін сотталған тұлғалардың өтінішхаттарын қарау кезінде ерекше көңіл бөлінеді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхатты қарау ба-

рысында соттар сотталғандардың әрқайсысына қатаң жеке көзқараспен қарауды қамтамасыз етеді және формализмге жол бермейді.

Сотталғандар жәбірленушілерге қарызын өтеместен өздеріне қатысты шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану туралы өтінішхатты соңқа жолдауы кездері де бар.

Мұндай жағдайларда соттар өтінішхаттарды қанағаттандырудан бас тартуға мәжбүр, себебі, қылмыспен келтірілген залалды өтеу шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселесін қарауда басты критерийлердің бірі.

Бірінші сатыдағы соттың қаулысына берілген апелляциялық шағымды қарау үстінде сотталғандардың барлық қарызды өтеу арқылы жәбірленушілермен татуласу жолын тапқан сәттер де жиі кездеседі.

ҚР Жоғарғы Сотының «Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы» нормативтік қаулысының 10-тармағына сай, қылмыспен келтірілген зиян сотталған адамның мүгедектігі немесе оның ауырғаны жұмысқа орналасуға кедергі болуы және т.б. сияқты объективті себептерге байланысты азаматтық талап бойынша өтелмеген жағдайларда, соттың тек осы негіздер бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудан бас тартуына негіз болмайды.

Осылайша шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхаттарды қарау кезінде соттар осы мәселе бойынша қолданыстағы заңнаманың талаптарын толығымен орындауда деп есептеуге болады.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

4. «АЛТЫН-АКПАН» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 190240006716, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Сарқанд ауданы, Сарқанд қаласы, Райымбек батыр көшесі, 2-үй, Тел.: 8 (72839) 21413.

5. «Спецмаш Астана» ЖШС (БСН 041240000105) қатысушылардың жалпы жиналысымен «Спецмаш Астана» ЖШС-н ерікті тарату туралы шешім қабылдағанын хабар-

лайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Нұр-Сұлтан қ., Керей-Жәнібек хан к-сі, 12А ғимарат, 706-кабинет.

10. «Тентехан» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі (БСН 190440022428) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарлама жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Қорағаты ауылы, Г.Мұратбаев, №7/1.

БАНКРОТТЫҚ

8. Қарағанды қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жылғы 28 қыркүйектегі ұйғарымымен «Венчурная компания» ЖШС-нің өтініші бойынша «Венчурная компания» ЖШС-н, БСН 160240001690, банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

9. «Майқайың кенті әкімінің аппараты» ММ-і Майқайың кенті әкімдігінің ШЖҚ «ҚҰРЫЛЫС» МКК (бұдан әрі – кәсіпорын) банкроттық рәсімінің басталғаны туралы хабарлайды (БСН 050240010667). Кредиторлардың өтініштері мен шағымдары хабарландыру жарияланған күннен бастап 14 күн ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың кенті, Астана көшесі, 52, немесе электрондық мекенжайы бойынша akimat_maikain@mail.ru қабылданады.

ӘРТҮРЛІ

2. 16.08.2020 ж. қайтыс болған Төлеген Баймұқанның атына мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлердің Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Б.Момышұлы көшесі, 81А, нотариус Н.Ж. Кайнарбековаға жолығулары сұралады. Тел.: 8 7277624064.

3. «Қолданбалы экономиканы зерттеу орталығы» жеке мекемесі (БСН 101040007862) ұйымдастыру-құқықтық нысанының және атауының «AERS (Applied Economics Research Centre)» болып ауысуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Ақмешіт көшесі, 5А үй, 23-пәтер.

6. «Заң газетінің» 21 шілде 2020 жылғы №53 (3277) шығарылымының «Тарату туралы жарнама» бөліміндегі «Ф.Мұратбаев» су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі» деген кооператив атауы «Ф.Мұратбаев» селолық тұтыну кооперативі» (БСН 050740020315) деп оқылсын.

7. «Ломбард - сервис 2013» ЖШС, БСН 130440004082, жарғылық капиталдың азайғаны туралы ескертеді. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 117.

«Астана Банкі» АҚ тарату комиссиясы жылжымалы мүліктің бағалау үшін бағалаушыны таңдау конкурсын жариялайды. Тендерлік құжаттамамен www.bankastana.kz веб-сайтында танысуға болады. Өтініштер 2020 жылғы 20-27-ші қазанға дейін, жұмыс күндері сағат 09:00-18:00-ге дейін қабылданады, түскі үзіліс сағат 13:00-ден 14:00-ге дейін, мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Төлебаев көшесі, 38/61 үй, 313-бөлме. Конкурс 2020 жылдың 28 қазанында сағат 11:00-де Алматы қ., Төлебаев көшесі, 38/61 үй өтеді. Конкурс бойынша қосымша ақпаратты келесі телефон арқылы алуға болады: 259-60-60, ішкі 12028, 8 707 257 78 55.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Біздің газетімізге берген жарнама ақысын «Каспий Голд» арқылы төлеу мүмкіндігі қарастырылған. +7 771 431 94 12 (Сымбат Қаныбекова)

11. «Оңтүстік-Қазақстан медицина академиясы» АҚ төменде көрсетілген профессорлық-оқытушылар құрамының бос орындарына конкурс жариялайды: Кафедра меңгерушілеріне:

- Акушерия және гинекология	-	1	бірлік
- Хирургия – 1	-	1	бірлік
- Терапия – 2	-	1	бірлік
- Гигиена және эпидемиология	-	1	бірлік
2. Кафедра доценттеріне:			
- Педиатрия – 1	-	1	бірлік
- Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар	-	1	бірлік
3. Кафедра ассистенттеріне:			
- Педиатрия – 1	-	2	бірлік
- Педиатрия – 2	-	1	бірлік
- Ішкі аурулар пропедевтикасы	-	4	бірлік
- Жалпы тәжірибелік дәрігер – 1	-	4	бірлік
- Жалпы тәжірибелік дәрігер – 2	-	4	бірлік
- Акушерия және гинекология	-	2	бірлік
- Стоматологиялық пәндер	-	3	бірлік
- Неврология, психиатрия және психология	-	3	бірлік
- Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі	-	1	бірлік
- Хирургия – 1	-	2	бірлік
- Хирургия – 2	-	1	бірлік
- Терапия – 1	-	2	бірлік
- Терапия – 2	-	2	бірлік
- Жуқпалы аурулар және дерматовенерология	-	1	бірлік
- Отбасылық медицина	-	1	бірлік
4. Кафедра аға оқытушыларына:			
- Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	-	2	бірлік
- Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология	-	1	бірлік
- Патологиялық анатомия және гистология	-	1	бірлік
- Фармацевтикалық және токсикологиялық химия	-	1	бірлік
- Шет тілдері	-	1	бірлік
- Дәрілер технологиясы	-	2	бірлік
- Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер	-	1	бірлік
5. Кафедра оқытушыларына:			
- Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	-	3	бірлік
- Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология	-	5	бірлік
- Патологиялық анатомия және гистология	-	1	бірлік
- Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық	-	2	бірлік
- Шет тілдері	-	1	бірлік
- Микробиология, вирусология және иммунология	-	2	бірлік

Профессорлық-оқытушылар құрамының бос лауазымдық орындарына конкурс «ОҚМА» АҚ-ның www.ucta.kz сайтында жарияланған «ОҚМА» АҚ-ның «Профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос орындарына конкурс Ережелері» және «Жұмысқа қабылдау кезінде ғылыми-педагогикалық қызметкерлер үшін лауазымдық біліктілік сипаттамалары мен талаптары» құжаттарындағы талаптарға сай жүргізіледі. Құжаттар конкурс жарияланған күннен бастап 30 күн ішінде берілуі керек. Конкурсқа құжаттар төмендегі мекен-жайда қабылданады: 160019, Шымкент қ., Әл-Фараби алаңы, 3/1, №106 қаб. Конкурс комиссиясы: тел. 8(7252) 39-31-41 (ішкі.408), моб.: 8 701 505 83 55, e-mail: janar_28@mail.ru.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Ұялы тел.: 8(747)428-26-10
Тел.: 8(727) 292-29-27, 292-40-89

E-mail:
zanreklama@mail.ru

«GoldKapital» ЖК
Нұр-Сұлтан қ.,
Абай көшесі, 78, 105-кеңсе.
Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Қандыбаева» ЖК, Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92 тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetytsaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан дан., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ТОО Арлан-консалтинг,
Семей қ., К.Мухаметханов көшесі, 23 «А». Тел.: 8 (705) 798-58-18

«TRade and service» ЖК,
Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., М.Горький көшесі, 37, 107-бөлме. Тел.: 8 (7162) 25-77-17.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04
«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нурлан
Нүргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ИП «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

Ершова Людмила ЖК, Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 20 б.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ИП «Сагидоллина Б.» 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_9@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78 ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 8701268772, 87054422939.

ИП Новоселова, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77.

«Версаль Бизнес», Атырау қаласы, Сырым Датов көшесі, 35-үй, «Сырым Төбе» БО, 102-бөлме. Тел.: 32-14-29, 30-65-24, ұялы тел.: 8701 920 45 38.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖК «KAIPROS», Алматы қ., Жібек жолы көшесі, 55, Алма сауда орталығы 4-қабат, 419в-бөлім, 426-нүкте. Тел.: 2714939; ұялы тел.: 8707-705-9222 Email: kalydbyayeva@mail.ru.